



AGRO bilim.kz

NASEO
НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



*«Қызылорда облысы
жағдайы бойынша
бақша дақылдарын
өсірудің
агротехнологиялық
шаралары»*

**Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ
Басқарма төрағасы**

**Көкөніс-бақша және картоп дақылдарының бөлім меңгерушісі,
а.ш.ғ.к., ҚР ҰАҒА мүшесі**



С.Т.Тәуіпбаев

Қ.Б.Бегалиев

AGRO bilim.kz

НАСЕО

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



М. ЖАҚАЕ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
КҮРМІШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМ-
ӘРТІКҮ МЕНТІКІ АҒАҚ

ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ



*«Қызылорда облысы
жағдайы бойынша
бақша дақылдарын
өсірудің
агротехнологиялық
шаралары»*

БЕГАЛИЕВ ҚАНАҒАТ БІЛӘУЛЫ

Көкөніс-бақша және картоп дақылдарының бөлім меңгерушісі,
ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР ҰАҒА мүшесі


Қызылорда өңірінде бақша дақылын өсірудің интенсивті технологиясы

Бұрынғы (СНГ) ТМД елдері бойынша бақша дақылынан алынатын өнім мен көлемі дүние жүзі бойынша бірінші орында болды. Бақша дақылы өте жылы сүйгіш дақыл, сол себептенде оңтүстік аудандарда егіліп, солтүстік аудандаға түрлі көлік түрлерімен тасымалданды. Түрлі цехтармен шағын өндеу түрлері арқылы халыққа бай дәрумендермен балғын және түрлі терең өңделген өнімдерімен жыл он екі ай қамтамасыз етіліп отырды.



Бақша дақыл өнімдері түрімен сорттарына байланысты, түсі, дәмі, аромат иістері, етінің консистенциясы, формасы өсу дәуірлері сан алуан. Қызылорда өңірінің экологиялық апат аймағын ескере отырып, бақша дақыл өнімдерінің түрлі дәрумендерге бай екендігін ескере отырып, дақылдың көлемімен өнімділігін арттыру шаралары аса маңызды. Соңғы жылдары селекционерлер қауынның отандық сорттарын шағыру және өндіріске еңгізу бағытында өздерінің орасан зор үлестерін қосуда, атап айтқанда отандық сорттар Сырдария, Балшекер, Дәмелі, Алтайыр сорттары шығарылып халықтың сұранысын қанғаттандырумен қатар экспорттік әлеу етіне ие болуда.

Бақша шаруашылығын дамытудың озық технологиясы



Бақша шаруашылығын дамытудың озық технологиясы

Бақша шаруашылығын инновациялық тәсілімен дамыту егіншілік мәдениетін арттырып дихандардың атқарылатын қол жұмыстарын 85-90%-ға дейін төмендетіп, тиісінше дақылдың өнімімен сапасы артып, өнумның өзіндік құны төмендеп, сұраныс артады.



Бұл өз кезегінде дақылдың көлемін арттыруда отандық және шетелдік инвесторларды тарту, егістік алқаптарына қажетті жаңа технологиялар алуға сондай-ақ егістікті жоғары деңгейде озық технологиямен өсіру арқылы өнімділік еселеп артып, дихандардың осы дақыл егістігіне деген қызығушылығы артады. Жоғарыда айтып өткен дей, бақша өнімдерінің адам ақзасына қажетті бай дәрумендері экологиялық апат аймағындағы халықтың денсаулығымен қатар әлеуметтік хал-жағдайларын жақсартады

Бақша дақылының даму тарихы

Бақша дақылының даму тарихы бір бірімен аса байланысы жоқ үш аймақта кең тарап егіле басталды. Орта Азия, Кавказ және Европа бөліктерінде.

Орта Азия табиғи климат жағдайына байланысты бақша дақылдарының даму қарқыны алдыңғы екі аймақтан гөрі оқ бойы алды. Егінді егу мәдениеті де ілгері негізінен дақыл суармалы егіншілікке орналасқан. Тағы бір ерекшелігі дәмі тіл үйретін кеш пісетін қауын сорттарын міне осы аймақта өсіріп жыл онекі ай балғын өніммен қамтамасыз етуге қабілетті.

Қазіргі таңда бақша дақылдарының бағыттары:

1. Тұтынушыға;
2. Қала аймақтарына;
3. Мал азықтық;
4. Тауарлы;
5. Тұқымдық бағытта;

Тұтынушылар бұлар негізінен шаруақожалығы мен кооперативтерден өндіріліп ауыл тұрғындарын дақыл өнімдерімен қамтамас етеді.

Тұқым шаруашылығы өнім мен сапа кепілі. Дақылдың сорттық тазалығы, аурулар мен зиянкестерден біршама тазару, аралас сортты басқа өнімдері араласпай сапалы жағынан өзгеріп өніміне сұраныс арттып экономикаға дұрыс бағыт алып, еңбек өнімділігі еселеп артады. Дақыл өте қол жұмысын талап ететіндіктен, егіс көлемі соншалықты толық мүмкіншілікте дамымады. Елді соңғы технология жетістіктері еңбек өнімділігін арттырып, қол жұмысын 80 %-дан 15 %-ға дейін төмендету мүмкіндіктеріне ие болды.

Су-энерго-ресурс үнемдеу технологиялары соңғы үлгідегі жаңа технологиялар мүмкіншіліктерін, бақша дақылдарының толық технологиялық процестерінде пайдалану: олар тұқым шаруашылығы, тұқымды материалдарды механизм көмегімен дайындау, топырақ өңдеу, тыңайтқыш беру (фертигация әдісі), егу, суару, қатарарлық арамшөптерден тазарту (фреза агрегаты), арық іші арам шөптерін арнайы гербицидтермен өңдеу, қол жұмысы қауын түбін домбақтап көму, жинау баржоға 10% қол жұмысы.

Бақша дақыл селекциясы

Ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары халықтың – ізденіс жұмыстарын негізге ала отырып бақша дақыл түрлері көптеген өзгерістерге ұшырап, қауын дақылының өнім мен сапасы жақсарып, жаңа мәдени сорттары шығарыла бастады. Сонау 1788 жылдары бақша шаруашылығының дамуына селекциялық жұмыстар басталар алдында қауын дақылдарының өсу және даму пісу және өнімдерінің сапасын зерттеу, оларға толық сипаттамаларын анықтау жұмыстары басталды. Селекция үнемі ізденіс пен өның нәтижелерін зерттеу жайлы тіршіліктің сұранысына жұмыс атқаратын мақсат пен міндеттерін айқындайтын өміршең ғылым. Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарының атқарған селекциялық жұмыс нәтижелері бойынша қауынның Сырдария, Балшекер, Ната, Дәмелі, Ливера, Алтайыр-1 сорттары шығарылып өңіршаруашылықтарына еңгізіліп халықтың ішкі сұранысымен экспорттық әлеуетін арттыруда.



Сырдария



Балшекер



Ната



Дәмелі



Ливера



Алтайыр-1

Бақша дақылдарының аурулары мен зиянкестері

Бақша дақылын өсіруде толық агротехникалық шараларды дер кезінде нақты орындамау салдарынан дақыл зиянкестері өнім мен сапаға тікелей әсер етеді. Жоғарыдағы схемада көрсетілгендей бақша дақылын озық технологияларды қолдана отырып, еккен жағдайда дақыл зиянкестері мен ауруларының пайда болуы процестерін мейлінше төмендетіп егіс мәдениеті артады, дихандардың қосымша аурулар мен зиянкестермен күресу жұмыстары мейлінше азайып, жұмыскерлердің нақты егінді күтіп-баптау жұмыстарының тиімділігі барынша артады.

Бақша дақылының зиянкестері:

Тля (қандала), өрмекші, құрттар, тышқандар, т.б. міне осындай зиянкестер дақыл өнімі мен сапасына қаншалықты зиян келтіретіндігі өздеріңізге мәлім. Қауын шыбыны соңғы 14-15 жыл бойы өңірімізде белем алып өнімді 85-95% дейін жоюда.



Ортаазиаттық және Белуджистандық қауын шыбыны (*Carpobyrus adonia* Big)

Қауын шыбынының морфологиялық белгілері

Ересек дарақтардың көлемі 5,5-6,5 мм, жолақ сызықтары бар ақ сары түсті болып келеді. Төс жақтарында майда алтын түсті түктер, денесінің жоғарғы жағында 2 үлкен сызығы бар. Төс пен ішкі бөлікті шектелген жерінде қызыл-қара-ақ түсті суретті көруге болады. Осы түстер арқылы олар басқа жәндіктерден қорғанады.



Ұрғашы шыбындарының түсі ақшылдау, дене пішіні ұзынша. Төменгі ішкі жағында өскін көк ине тәріздес болып тұр, ол көлемі 1 мм болатындай етіп тесіп, ініне жұмыртқа салу үшін пайдаланылады.

Ине тәрізді өскін көк тесік жұмыртқа салу үшін

Жұмыртқа түйнек қабығының ішіне салынады, олардан аяқсыз құрттар пайда болады. Ұрғашылар әр түйнекке 1-2 жұмыртқадан салады. Егерде түйнектер аз болса және зиянкестер көп болған жағдайда, әр түйнекте жұмыртқа саны 60-70 болады. Жұмыртқа салынған жерде инеден кейін, түйнек сыртында қызыл қоңыр бөлінді (шрын), кепкесін қара даққа айналады.



Шыбынның қанаттарының түсі




Түйнектегі қызыл-қоңыр бөлінділер



Құрт түйнектің етімен қоректенеді, қозғалып негізгі қорегі, тұқым орналасқан жерге барады. Құрт қоректеніп болғасын түйнек қабығын тесіп шығып, топыраққа 3-10 см тереңдікке қуыршақтарын салады (жылы уақытта). Зақымданған жерлері қатаяды, қараяды және түйнек шіри бастайды

Зақымданған түйнектер

Қуыршақтардан үлкен дарак ұрпақтары шығып шағылысады және жұмыртқаларын қауын түйнегіне салады. Демек, қауын шыбыны өзінің онтогенезі бойынша, толық циклы бойынша дамиды жәндік. Үлкен дарактар жұмыртқасын салғанда олардан құрт; құрттардан қуыршаққа айналып, үлкен дарак ұшып шығады



1 – үлкен дарак

2 – жұмыртқа



3 – құрт

4 – қуыршақ



Құрттар түйнектерден шығып қуыршақтарын топыраққа
салады

Қауын шыбыны дамуының биофазасы ұзақтығы, күн

Қауын шыбыны дамуының биофазасы	Ұзақтығы, күн		
	1-ші ұрпақ	2-ші ұрпақ	3-ші ұрпақ
Шыбынның ұшып шығуы	1-ші онкүндік маусым	1-ші онкүндік соңы – II-ші онкүндік басы 07	соңғы. III.08. – баст. I.09.
Жұмыртқа салу	7-8	7-10	5
Қуыршақ	11-12	12-13	14-16
Ұшып шығуы	20-23	20-22	қысқы үзіліс

Арал өңірінің оңтүстігіндегі қауын шыбыны дамуының фенограммасы

I	Сәуір		Мамыр		Маусым		Шілде		Тамыз		Қыркүйек				
	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I			
□	□	□	□	□	□	□	+								
							Ω	□	+	Ω					
							▲		0	▲					
											□	+	Ω		
											0	▲			
													□	□	□

□ – қуыршақ; + – ересек зиянкестер; 0 – жұмыртқа салу;
Ω – құрттардың шығуы; ▲ – өте қауіпті кезең

Қызылорда облысында қауын шыбынымен күресуде жоғары тиімділігін Нурелл Д, Конфидор, Кардинал, Тиометрин және тағы басқа препараттар көрсетті.



Жұмыртқа салғаннан кейін және құрттардың пайда болған кездерінде препараттардың пайдалану тиімділігі төмен болады, ал ұрғашыларының жұмыртқа салып жатқан мерзімде осы шараларды қолданса өте тиімді болады. Препарат өсімдіктерге тегіс және бірқалыпты тігінен себілмесе жапырақтар кедергі келтіреді және зиянкестер себілген жерлерден ұшып кетеді.



Егістіктерді препараттармен улау

Қауын шыбыны зиянкестерінің алдын-алуда ауыспалы егістікте бақша дақылдарын орналастыру үлгісі:

- қауынды қайталап бір жерге егуден бас тарту және сол жерде 2 жылдан кейін егу қажет;
 - жаңа егісте алдындағыдан 500 м қашықтықта орналасқаны жөн;
 - бір алқапта қауын үлгілерінің әр түрлі мерзімде пісетін (ерте-орташа кеш пісетін) сорттарын егудің қажеті жоқ. Ерте пісетін қауын үлгілері зиянкестерге осалдау келеді;
 - егін жиналып болғасын, түйнектер, пәлектерін және қалдықтарын жинап, тереңдігін 50 см тереңдікте топыраққа көміп тастау қажет;
 - бақша дақылдарын егілген және егілетін жерлерге күзде тереңдігі 25-27 см сүдігер айдау қажет;
 - зиянкестер жұмыртқа салмау үшін, түйнектерді қапшықтарға салған дұрыс;
 - өсу дәуірінде құрттардың топыраққа кіріп, қуыршақтарын салмау үшін кленка жабындарын пайдалану қажет;
 - егістікте зақымданған түйнектерді алып тастап, кесіп, күннің көзіне қыздырып, құрттарын жою қажет;
 - қауын егетін фермер, саяжай жеке шаруашылықтарды қажетті химиялық препараттармен, материалдармен қамтамасыз ету;
- облыстағы барлық қауын шаруашылығы мамандарына, фермерлер және саяжайшыларға қауын шыбынына қарсы күресуалдын алу, морфологиялық және биологиялық даму ерекшелігін оқып, меңгеру қажет.



Қауын дақылының ауырулары



Ақ таңдақ

Қауынның аурулары:

Ақ таңдақ, тамыр шірігі (фузериноз солуы), аурулары кең тараған. Аурулар сабағында сары таңдақ, тамырлар сабағында ақ таңдақ, соңында қара даққа айналып өлу процестеріне айналады. Міне осы аурулардың пайда болуы агротехникалық шаралардың дұрыс пайдаланбауына байланысты пайда болады.

Барлық іш шара, егу күтіп баптау жинау процестері (срок) мерзім, (норма) мөлшері, (способ) тәсілдері, дақыл, сорт, өнім бағыттарына сәйкес жүріуі қажет. Айта кететін жайт дихандардың ескерілмей жүрген назар аударатын мәселесі суару тәсілі.

